



ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОНЫНШЫ ОТЫРЫС

БІШКЕК, 2023 ЖЫЛҒЫ 2 НАУРЫЗ

ҰСЫНЫМДАР

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сапалы білім беру саласындағы Тұрақты Даму Мақсатына қол жеткізу үшін пандемиядан кейінгі жағдайда трансшекаралық білім беруді дамытудағы ТҮРКПА-ға мүше елдер арасындағы ынтымақтастық

Білімнің жаһандық қалпына келтіру және барлық Тұрақты Даму Мақсаттарына қол жеткізу үшін өте маңызды екенін ***ескере отырып***,

Білім беру негізгі құқық және өміршең, бейбіт әрі тұрақты қоғамдардың негізі болып табылатынын ***назарға ала отырып***,

Білім беру «жасылға» өтудің негізі және катализаторы екенін ***атап өтіп***, ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасында білім берудегі прогресті қолдау мен одан әрі ілгерілетудің ***маңыздылығын айта отырып***,

Тиісті білім беру экономикалық және әлеуметтік прогресс мүддесі үшін ғылымды, техниканы және адам ресурстарын дамыту мен пайдаланудың таптырмас элементі екендігіне ***сенімді бола отырып***,

Білім беруде ерлер мен әйелдер арасындағы алшақтықтың сақталуына ***қатты алаңдай отырып***,

Физикалық немесе материалдық мүмкіндіктеріне қарамастан барлық адамдар үшін білім алудың қолжетімді болуының маңыздылығын ***атап өте отырып***,

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттерге мыналарды **ұсынады**:

- Түркі мемлекеттерінің білім беру жүйесі әлемнің озық және жетекші білім беру жүйелерімен интеграциялануы үшін Болон процесіне толық қосылу және болашақта Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинақтау жүйесімен (ECTS) интеграциялану;
- жоғары білім беру ұйымдары мен оқытушылар құрамының артық тексерілуіне жол бермеу үшін білім беру жүйесін реформалау бойынша жұмыс жүргізу;
- өз елдерінде жинақталған тәжірибені жеткізе алатындай сапалы тәжірибе алмасу және мұғалімдерді даярлау жүйесін құру;
- бір уақытта бірнеше мәселені шеше алатын қашықтықтан онлайн білім берудің тұрақты жүйесін әзірлеу: қозғалысында қиындықтары бар адамдар үшін білім алудың қолжетімділігі, қоршаған ортаны экологияландыру, цифрлық трансформацияны қолдау және т.б.;
- оқытушылар құрамы өз міндеттерін орындауы үшін тиісті жағдайлар мен орта құру;
- TURKUNIB және Orhun процесі арқылы үдеріске мүшелер мен қатысушылардың санын көбейте отырып, ТҮРКПА аймағының білім беру әлеуетін кеңейту.